

Ұлттық қауіпсіздік мұқтажы үшін жер учаскесін беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 272 қаулысы

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексі 13-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Астана қаласы елді мекенінің жері санатынан ұлттық қауіпсіздік мұқтажы үшін тұрақты жер пайдалану құқығында жер учаскесі «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Ғылыми-зерттеу институты» мемлекеттік мекемесіне берілсін.

2. Астана қаласының әкімі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шаралар қ а б ы л д а с ы н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К.Мәсімов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 5 ж ы л ғ ы 2 3 с ә у і р д е г і
№ 2 7 2 қ а у л ы с ы н а

ҚОСЫМША

«Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Ғылыми-зерттеу институты» мемлекеттік мекемесіне ұлттық қауіпсіздік мұқтажы үшін тұрақты жер пайдалану құқығында берілетін жер учаскесінің экспликациясы

Р/с №	Жер учаскесі қандай жерлер санатынан беріледі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жалпы ауданы, гектар	Оның ішінде		Жер учаскесінің нысаналы мақсаты
				жайылым	өзге	
1	Астана қ. елді мекенінің жері	Астана қ., Сарыарқа ауданы, М.Әуезов көшесі, 9-үй	0,1960	-	0,1960	Әкімшілік ғимаратты, қойманы және гараждарды пайдалану үшін
		Барлығы:	0,1960	-	0,1960	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК